

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы Өлеңді ауылы әкімінің 2019 жылғы 12 маусымдағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 маусымда № 8538 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Өлеңді ауылы әкімінің 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Өлеңді ауылы әкімінің 18.09.2019 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 01-20/72 ұсынысы негізінде Науырзым ауданы Өлеңді ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Өлеңді ауылының аумағында орналасқан "БорщҰв Николай Михайлович" жеке кәсіпкердің аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Науырзым аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Науырзым ауданының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Науырзым ауданы Өлеңді ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Өлеңді ауылының әкімі*

*А. Орманов*

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Қоғамдық денсаулық сақтау  
комитеті Қостанай облысы  
қоғамдық денсаулық сақтау  
департаментінің Науырзым  
аудандық қоғамдық  
денсаулық сақтау басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
\_\_\_\_\_ А. Х. Аңсағаев

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігі Ветеринариялық  
бақылау және қадағалау  
комитетінің Науырзым  
аудандық аумақтық  
инспекциясы" мемлекеттік  
мекемесі басшысының  
міндеттерін атқарушы  
\_\_\_\_\_ Е. А. Досқалиев

КЕЛІСІЛДІ

"Науырзым ауданының  
ветеринария бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің

басшысы

\_\_\_\_\_ С. Ғ. Олжабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ